



Аңыз әңгімелер,
шешендік сөздер



Жиренше шешен мен
Қарашаш сұлу



ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

- Т1. Мәтіннің мазмұны бойынша дайындалған сұрақтардың жауабына болжам жасау, тыңдай отырып салыстыру.
- 8.Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау.

ЖАҢА СӨЗДЕРДІ СӨЗДІК ДӘПТЕРГЕ ЖАЗ.

- Мұра – наследие
- Салт-дәстүр – традиции
- Тұрмыс-салт жыры – бытовые сказание
- Шешендік сөздер - ораторская речь
- Сезім- чувства
- Аңыз – легенда
- ақын-жыраулар → певцы и сказители

МӘТІНДІ ОҚЫ

Ауыз әдебиеті — халықтың ауызша таратып отырған асыл мұрасы. Онда халықтың ғасырлар бойы басынан кешірген тарихи оқиғалары, ерлік, батырлық, махаббат туралы ойлары, салт-дәстүрі жырланады. Ауыз әдебиеті — талай ғасырлардың жемісі. Халық ауыз әдебиетінің тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, ертегілер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс өлеңдері, тарихи жырлар, шешендік сөздер және т. б. түрлері бар.

Ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырлары, көңіл күйі, сезімді білдіретін қара өлеңдер мен ән мәтіндері лирикалық жанрға, ал ертегілер, аңыз ертегілер, батырлар жыры эпостық жанрға жатады. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы — ауыз әдебиетінің белгілі бір авторы жоқ. Басында оларды шығарған ақын-жыраулар болған, бірақ уақыт өткен сайын олар ұмытылып, халықтық шығармаға айналған.

Т. Ақшолақов

ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДА

- 1. мәтіннің тақырыбын анықта.
- 2. Мәтінге жоспар құр.
- 3. мәтіннің құрылымы бойынша нөмірле
- ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы – ауыз әдебиетінің белгілі бір авторы жоқ.
- Ауыз әдебиеті – халықтың ауызша таратып отырған асыл мұрасы.
- Ауыз әдебиеті- талай ғасырлардың жемісі.
- Ауыз әдебиетіндегі тұрмыс саль-жырлары, көңіл күйі, сезімді білдіретін қара өлеңдер мен ән мәтіндері лирикалық жанрға жатады.
- 4. мәтіндегі асты сызылған сөздерге сұрақ қой.
- 5. мәтіндегі күрделі сөздерді теріп жаз, аудармасын айт.